

Халқын сүйген - салтын да сүйеді

Әр халықтың өз салт - дәстүрі, намын - сенімі болады. Ол халықтың көне тарихымен бірге жасасып күні бүгінге жеткен.

Қазақ халқы салты саналы, ғұрпы ғұмырлы, дәстүрі бағалы, ұлаңғайыр ұғымын салт пен дәстүрге сіңіріп, ұрпағына қалдырған шырақты халық. «Салтын білмеген сауапты түсінбейді» деген, бүгінде сол салт - дәстүрлеріміз санамызда сақталғанымен дұрыс орындалып жүр ме? Халқымыз дәстүрге бай, әрине бәрін бір ойдың төңірегіне сыйғыза алмасымыз анық. Ендеше бала өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі «тұсау кесер» дәстүріне тоқталуды жөн көрдім.

Бұл сәби қаз тұрып, тәй-тәй басқанда жасалатын - дәстүр. Бала алғашқы қадам жасауға талпынған сәтте дана халқымыз сәбиін тез жүріп кетсін деген ниетпен тұсауын кестіріп думанды той жасайды. Ырымшыл қазақ тұсауы кесілмеген бала сүріншек, болашақта жығылғыш болады деп пайымдаған. Ертеден баланың тұсауын ала жіппен, малдың тоқ ішегімен кестірген. Ала жіппен кесуі бала ешкімнің ала жібін аттамасын, адал азамат болсын деп жатады, әйтседе бұл бір жақты жеңіл ұғым. Ала жіптің мәні бұдан гөрі тереңде, ақ пен қара түс өмір тіршіліктің нышаны сондықтан жақсылық болып басына бақ қонса асып-тасып асылық жасамасын, қиындықта жасып

басылмасын, «өмірдің күнегейі мен көлеңкесін тең өтсін» деп баланың аяғына тұсалған ала жіпті пышақпен морт кеседі.

Ал малдың тоқ ішегімен кесуі бала бай, дәулетті азамат болсын деп ырымдауна болса керек. Тұсауы кесілер баланың алдына кітап, қамшы, құрық қойып, бала қай затты ұстаса болашағы сонымен байланысты болады деп жорыған. Сондай-ақ баланың тұсауын жайбасар, сүріншек адамдарға кестірмеген. Шаруаға икемді, елгезек, қимылы ширақ епті қасиеттерімен көзге түсетін пысық адамға кестірген жөн. Ал қимыл қозғалысы ауырлап қалған қарт кісіге, «жолы әлі ашылмаған» деп үйленбеген жігітке, тұрмысқа шықпаған қызға кескізбеген екен.

Күні бүгінде жалғасын тапқан бұл дәстүрді әркім әрқалай өз түсінігінше орындап жүргенін байқаймыз. Тіпті кейбірі қыз балаға қызғылт, ұл балаға көк түсті араластырып өрген жіппен кесіп жатады. Бұл сол көне дәстүрдің парқын түсініп білмегеннен, ақыл-кеңестерін айтар жандардың аздығынан болар. Кейде ер баланың тұсауын әйел адамға кестіретіндерді де байқайсың, «ал тұсауды қыз бала болса ісіне тиянақты келіншекке, ұл баланың тұсауын жақсы, аты ел аузында жүрген еңбекқор азаматқа кескізген абзал» (З.Ахметова «Күретамыр»



Қазыналы салт - дәстүрлеріміздің маңызын біліп, дұрыс қалпын сақтап ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу парыз.

кітабынан)

Осы сынды жөн - жоралғылар сақталып тұсауы кесілген баланы жас өспірімдер біраз жүргізеді, шашу шашылып тұсау кесер жыры айтылады. Ал көпті көрген дана қарияларымыз батасын беріп, ақ тілеуін тілеп

жатады.

Әрине қазыналы салт - дәстүрлеріміздің маңызын біліп, дұрыс қалпын сақтап ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу парыз.

Ертеңгі ұрпақ ұлтжанды, отаншыл, патриот болып өссін десек, осы бастан ата - дәстүрімізді ардақтауды үйретіп, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірте білуіміз қажет. Салтымызды сақтау сіз бен біз үшін асыл міндет.

Гүлназ ЖАҚИЯ

Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының кітапханашысы.